

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 19-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 желтоқсанда № 17849 болып тіркелді

Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета

«Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2017 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 11-НҚ нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 11-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16203 болып тіркелген, 2017 жылғы 5 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесінде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

1	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметін бағалау нәтижелері (мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары бөлінісіндегі бағалаудың барлық бағыттары бойынша жинақтап қорытылған ақпарат)	жар-ты-жыл-ды-кта	25 кыр-күй-ек-ке,	ашық деректер интернет-	мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне бағалау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше
---	--	-------------------	-------------------	-------------------------	---



		бір рет	25 на- уры- зға дей- ін	порталы- ның АЖО-сы	
--	--	------------	--	---------------------------	--

»;

реттік нөмірі 13-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

13	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары қызметінің негізгі көрсеткіштері	тоқсан сайын	Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде	ашық деректер интернет-порталының АЖО-сы	жоспарлау, талдау және есептілікке жауапты құрылымдық бөлімше
----	---	--------------	--	--	---

».

2. Заң бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы нормативтік қаулының Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына (Қ.С. Әбдірайымов) жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің Төрайымы**
«КЕЛІСІЛДІ»

Н. Годунова

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

2018 ЖЫЛҒЫ «_____» _____